

Санасізбай Верташұлы

84(5Каз=4Жам)  
Б 47

*Адамзаттың, нағ асылы,  
асыл ана Құласан*



84(5) Газ = 47 жам  
Б 47

*Сансызбай Бертайұлы*

*Адамзаттың нар асылы,  
асыл ана Куласан*



Абонемент

Тараз қаласы, 2015 ж.

Аудандык  
орталық мәденихана  
N 28395



Тазабек ата Күләсан апа

*Аналық ақ жүргегінен айналасына жылу мен жарық  
шашип жүрген абзал ананың көрер қуаныш, шаттығы  
мол болса екен ...*

## АСЫЛ ӘЖЕ КУЛАСАН

Жаратушы пендесінің көрікті келбетіне емес, жүргегіне қарайтыны рас болса, алдымен аналар қауымы ақіретте жұмақты бетке алатыны сөзсіз. Себебі өз перзентіне ерекше мейірімін төккен қадірлі жан өзгеге де сол мейірімінің тең жартысын көрсете алар қасиетке ие.

Жақында мен осындай бір жан біткенге шуағын түсіріп жүретін карт ананы жолықтырдым. Аты-жөні – Кұласан ана Сұлтанбекқызы. Өмір атты ұлы өзеннің тоқсаныншы өткелінен өткен апа әлі сыр бермеген, жылы жүзінен зияллық лебі есіп тұр. Ол ұл-қыздарының бойына бар өміріне өзек болып өрілер тәрбие берген екен, енді сол ескіндері айтулы азаматтар атанып, анасын жүрек төріне қондырып, есімін аялап отыр. Кұласан ана екеуміз сол перзенттерінің бірі – қызы Перизаттың үйінде дастархан басында әңгімелестік. Дастархан басында жақсы әңгіме айтындар, құт қашпасын деп отырады екен апа.

Кұласан ана қеуміз ой толғауға кірістік. Мандайдың ашы тері төгілген бел-белестер, асау асаулар тізбегі алыста, сонау төменде қалды. Бүгінде өз жерінің тұмасының сұын ішіп, кәусар ауасымен демалып, ел-жұрттымен сыйласып, бұйырған дәмін татып отырған абзal ана сыр сандығын ашып берді. Көңілінің небір көбекен сыры бар екен. Сөзінен санаға сабак болатын ұлағатты мағына тауып жаттым. Әңгімесін мүмкіндігінше толық мазмұнда қағазға түсіріп алуға тырыстым. Кұласан ана айтқан сөздерден өткен ғасырдың дүбірі мен дүрсілі келгендей болды құлағыма. Аяулы жанның бойында сарқылмайтын қайнар, кенеусіз қазына барын көп өтпей-ақ ұғындым. Өз заманының мұң-шерін, қуанышы мен сүйінішін шежіре тілмен баяндаған апаның бұл әңгімесі жан әлеміме жарық түсіріп, сезімімді сілкіп оятқандай болды. Әңгімелерінен қуаттанып, көңілім өсіп, сарайым күмбірлеп, бойым мен ойым жаңғырды. Кей сәттерде қарттың жүзіне қарап, «Осы біз өсіп келе жатқан ұрпақбыз ба, әлде әркім өзінің бүгінгі тіршілігін ғана ойлап, өткенді еске алмай, келешекке көз салмай өшіп бара жатқан ұрпақпыз ба» деген қатал сұрақ қабағымнан қоңыр көлеңкедей жүгіріп өтті. «Жақсы адамнан қол үзбе, шөлдегенде сузының қанар» деген жыраулардан қалған аталы сөз ойыма оралды.

Тұтіні тұзу шыққан берекелі отбасының бәйтерегі, мәуелі дарағы тұрды көз алдымда. Жасы тоқсанның екісіне келген, 12 бала тәрбиелеп өсірген, сол ұрпағының алдында қарызы мен парызын толық өтеген қарттың, тіл-аузымыз тасқа, көңілі хат, көкірегі сара көнекөздің мәнді де дәмді сөзін тыңдалып отырып бейне уыздың дәмін алғандай ғажайып күйге енесін. Ұзақ жасауының сыры неде деген сауалға санаммен де, қиялыммен де жауап ізделеп көрдім. Табиғатының өзі осылай сомдаған ба, жоқ қан мен сүйекке қатар сіңген тектілігі талайлы тағдырға бас идірмеді ме, әлде жібек жіппен есілген ботаның бүйдасындағы үзілмей жалғасып келе жатқан ұрпақ жалғастығы ма апамызды бүгінгі күнге жеткізген. Бәрі де бар-ау шамасы.

Әңгіме үстінде бір ойды бір ой жетелеп кетіп отырды. «Байлықтың басы – бала, бәрінің құты – ана» деген салмақты сөз түсті есіме. «Баласы жақсы адамдар ешқашан қартаймайды» деп қайталаймын тағы. Өнегелі ұрпақ өсіріп, ортасында қадірлі болып жүрсөң ғана, жылыңа жыл, күніңе күн қосылады. Ұзақ өмірден де адам жалығады, егер де ол аурулы, азапты, қадірсіз болса. Ұрпағың тәуір өссе, солармен бірге қайта гүлдейсін, қайта шалқисың. Әркімге қона бермейтін көгершін жүрегіңе келіп ұялайды. Сол көгершінді Кұласан ананың өз жеріндей жомарт жүрегіне ұялатқан ұрпағы болар

тегінде. Осындай ананың жанының нұрынан, жүрек жылуынан жаралған ұрпак ұятты тірлікке бармаса керек-ті, жоқ-жітікті тұрмыс кешпесе керек-ті...

Сол күні көңілге түйгенім, Құласан ананың тағдыры – дастанға арқау боларлық өнегелі өмірбаян. Тұтас бір дәуірмен бірге жасасқан, кезінде туған жерге қызмет еткен абзал ананың өмірінен ғибрат табасың.

Тегінде адам баласының егделігінен хабар беріп, қартая бастау белгілерінің бірі ақша жүзіне әжім түсіп, қолаң шашына ақ кіре бастауы. Құласан анамыздың да жүзіне түскен айқыш-ұйқыш әжімдерінің жеке-жеке өз тарихы бар. Қыз бала болып балиғат жасына жетіп, бой түзей бастағанында қазақ даласына қасірет ретінде төнген ашаршылық бұлардың да алқымынан алған-ды. Бала болып байбалам салмай бүкіл халықтың басына түскен нәубетке қыз да болса қарсы тұра білген жан. «Қарағым, әуелі нанды сыйла. Содан кейін нанды өсірген жанды сыйла» деген қанатты сөздерді сол заман зобалаңын басынан өткергендердің көзі тірілері әлі күнге нақыл етуде. Бір кісі бір кісіге үрейлене қарап, түнемеге жейтін түйір нан таппай, түтін шыққан үйді төніректеп, «ah» ұрған аш халық арып-ашып, түрлі қындықтарға төзе жүріп осы күнге жетті емес пе. Ашы өзегіне алданыш болар ақырғы астықтан бас

тартып, тоң жібігенде тұқымды топыраққа сеуіп, алдағы күнге сеніммен, үмітпен қарауы ерлік емей немене. Орым кезінде түсімді ұрага жинап, талшық етер түйір дәнді масақтан айырған жүдеулі жұрттың жоқты бүтіндергеннен басқа не жазығы бар? Көшпенді елді күштеп, тақыр жерге отырықшы етіп топтастырған үкіметтің солақай саясаты қолдағы барды ортаға салу ұранымен қазақты тоз-тоз қылған жоқ па. Тоған салып, оман арық қазу, егіс алқабында қас қарайғанша бел жазбай бейнет етуге сол заманың жас-кәрісі түгелдей жұмылдырылып, тозақтан жұмақ жасады емес пе? Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде да тыл еңбеккерлерінің тынымсыз тірлігі Отан қорғау мақсатына арналып, ерлікке пара-пар тер төккен қайран ескінің көздері-ай. Арасында бала тәрбиелеп, ұрпақ өрбіткен ұлы аналар қауымы біз үшін қашан да ардақты. Толайым табысқа жеткізген бейнетін бұлдан «біздің арқамыз» деп міндетсініп, не болмаса биліктің есігін қақкан кездері әсте болған емес. Қайта маңайына үлгі болып, сыйы артқан абзал адамдар уақыт талабымен әдемі қартая білді. Бұл күнде тарихтан ғана оқып-біліп жүрген тауқыметті жылдардың табы апамыздың да өңіне түрлі таңба салған. Ол әр замандағы бейнет пен жан күйзелісінен түскен әжім.

Кұласан ана 1919 жылы қазіргі Байзақ ауданына қарасты Дихан-1 ауылында дүниеге келді. Әкесі

Сұлтанбек пен анасы Дәнегүлдің тұңғышы. Бұл шаңыракта өзінен кейін тағы төрт перzent - Әбен, Әбсамат, Әбсейіт, Сейсекүл жарық өмір есігін ашты. Әке-шешесі еңбектің момынторылары еді. Әкесі Сұлтанбек алғаш артельде, кейіннен ұжымдасу кезінде колхозда мұрап, бригадир болып еңбек етті. Жүгері, кендір, бидай, мақта егіп, ризығын айырды. Қараша ауылдың қоңырқай тірлігі Кұласан аpanы да ерте есейтті. Еңсесін көтере алмай жатқан елдің еркесі болғаннан гөрі естияры болуды ойлаған ол інісі Әбенді ертіп, артельге біріккендерге қаршадайынан қолғабысын тиғізді. Осылайша ол өмірдің аңысы мен тұщысын жастай тартты. Кұласан анада құралпы балаларда балалық шақ деген болған жок. Олардың балғын шағы қазақ ауылдарында аласапыран оқиғалар өтіп жатқан зарлы заманға тұспа-тұс келді. Мықтылардың малмұлқін тартып алып, момақандарын жер аударып, қарсылық білдіргендерін атып-асып жатқан мезгілді. 1928 жылы орташаларға ауыз салып, Сұлтанбек әкесенің де 8 құлынды биесін алып қойды. Соның артынша елді «отырықты ету» науқаны бұрынғысынан да қatalдана түсіп, момын жұртты жанши бастады. Мұның аяғы ашаршылықтың заһарына ілікті.

Өмір дегенді қойсаншы. Көзді ашып-жұмғанша құйындей ұйытқып, өңін мың-сан рет өзгертіп өте

береді. Неткен шапшаң, неткен жалт. Жалт етіп, заматта жоғалатын зымыран іспеттес. Өзендей сарқырап ағып барады. Құласан ана да сол сынаптай сырғыған уақыт, өткен өмірі жайлы ой қозғайды. Тоқтамастан өте шығыпты уақыт – тоқсан жыл бір жарық сәуледей. Ет пен сүйектен жаралған жұмыр басты пендениң тылсым тіршіліктегі күйбені қашан біткен. Бірін бітіріп, екіншісін еңсермей жатып, келесісі қыр астындағы қырмызы қызыл тұлқідегі қылаң бермес пе? Оқтай зулаған зымыран уақыттың шылауындағы қимас күндердің сағымға сіңіп, жылдардың жылжығанын сезінеді екенсің. Сезінесің де, кейде налисың, кейде өткен күндерге салауат айтасың.

Құласан ана өміріне мен де зерделей үңіліп көрдім. Балалық шағы азаннан қара кешке дейін мақта терумен, қызылша отаумен, бидайдың сары шөбін жұлумен, тарыны торғайдан қорғаумен өтіпті. Ел басына туған ауыр кезең кішкентай Құласан сияқты балаларға да тауқымет тартқызбай қоймады. Бұлдіршін қыз өз үйінде сырттан келіп тиген саясаттың сойылын, тағдыр теперішін көрмese де, айналада болып жатқан сойқан оқиғаларға көкірек көзін салған. Тоз-тозы шыққан ақ жұмыртқа ауылдар, қара басты қарапай жұтып жібере жаздаған сұрқия кезең, сұмырай жылдар көлеңкеге сіңбей қойды-ау. Кесепаттар жұрттың жұлын-жүйкесін

жүнжіткен. Сіңіріне іліккен талай босқынды көзімен көрді. Ішерге тамақ таппай аштықтан баудай түсіп қырылғанда да тәубеден жаңылмаған жұртты, Алланың көрсеткен нығметіне қиналдым деу күпірлік екенін біліп, барға қанағат еткен ел жайсандарын да көзімен көріп есті Кұласан.

Өзімен тете інісі Әбен екеуі 1930 жылы мектеп табалдырығын аттады. Бар мал-мұлкі түгел тәркіленіп, өзі ескіліктің сарқыншағы ретінде қуғындалып кеткен бір бидің үйін жаңа үкімет кенсе жасап, сол жайдан балаларға білім ұсын жабдықтап берген. Мектепте бар-жоғы екі мұғалім – Құттыбай және Дәнебай есімді кісілер оқушыларға дәріс береді. Кұласан бірден екінші кластың, Әбен бірінші кластың партасына отырып, алғаш рет әліппеден латын әріптерін таныды. Екі ағайындыны мұғалім тәлімі тәнті етті. Кұласан көп ұзамай-ақ білімнің мәнін үғынды. Білімнің ел белін көтеретінін, баланың білімімен, тілімен сезім тербелетінін, қазақтың қаншалықты балажан халық екенін он бір жасар зейінді қыз сезбей қалмады. Ол осы күнге дейін балапан ғұмыр бейқам ұйықтасын, баланың бағы базарлы, ертеңі ажарлы болса, бабалардан тамыр тартқан өмір арқауы үзілмейді деп өскіндерге ізгілік шуағын, кісілік сәулесін төккен екі ағайды ұмытпай келеді. Абайдың «Көкіректе сәуле болмаса,

көңілде сенім болмайды» деген сөзін алғаш естіп, жүрек төріне мәңгілік қондырганы да осы түс.

Бірақ білімге талпынған балалардың талабын 1932 жылы шарықтау шегіне әбден жеткен ашаршылық деген аждаһар талқан етті. Білім құтханасы жабылып тынды. Жұт тауқыметін балалар ересектермен бірдей тартты. Талай жанды жылжатып, талай отауды отап түскен бұл ауыртпалық сәл сейілгенде бұлар оқуын қайта жалғастырды.

Ауыл мектебінің толық курсын 1936 жылы бітірген Кұласан келесі жылдың басында көршілес «Көкбастау» колхозын қоныс еткен Аққойлы еліне келін болып түсті. 1913 жылы туылған күйеуі Тазабек Жылышбекұлы өжет те өткір, жаны жайсаң жігіт болып жолықты. Естияр жігіт колхозда ферма менгерушісі, бригадир, комсомол үйымының хатшысы, ауылдық кенес хатшысы қызметтерін атқарып, ерекше қарым-қабілетімен, адамгершілік асыл қасиеттерімен елге танылды. Аудандағы әрбір колхоздан бір-бір адамнан білімін жоғарылату үшін оқуға жіберетін кезде таңдау осы Тазабекке түскен. Үш колхоздан үш жігіт, арасында Тазабек бар, оқуға аттанғанда 1940 жыл екінші жартысына ауып қалған.

Кұласан қалды үйде екі жастағы Сәтібегі мен жана туған Әлібегін құшақтап. Сағыныш келді азабын арқалатып. Әсіреле аның жиі есіне түсетін.

Жарық дүниеге бес сәби әкеліп, бірақ қуанышы мен кызығын көріп ұлгермей, бақи шамын жағуға небәрі 30 жасында аттанған анасы Дәнегүлдің абзал дидары көз алдына аяулы қалпында келетін. Одан кейін ауылда, Дихандағы төркінінде қалған әжесі Есенқызды көп ойлайтын болған. Ұлken ұлы Сұлтанбекті, оның бауырлары Мұсанбек, Наурызбек, Қатша, Айымпатша, Шайділданы, Құласанның бауырларын түгел құшағына алып, Алла берген перзенттерді алақанда аялап, әрқайсысын жалғызындаі мәпелеген Есенқыздай асыл ана бар ма екен бұл жарық жалғанда. Жаны иненің ұшында жүріп, бір үйлі жанды жылдар бойы сүйрекен Есенқызы сынды әз әжелер барда алтын шаңырактың іргесі ірімейді, берекесі божырап кетпейді екен-ау. Ышқына соққан тағдыр дауылына қасқайып тұрып қайрат қылғандар ешқашан құламайтынын, тамырсыздар тіккен тал отау алғашқы тағдыр желінен ұшып түсетінін айтқан да сол ақ әжесі еді ғой бұл ұзатылып бара жатқанда. Қайғының өзінен бақыт жасайтын қайран әже.

Бұл бірақ алдағы сарытап сағыныштың басы еді. Тазабектің Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумының есепшілік курсындағы оқуын батыстан соққан қара құйын – Ұлы Отан соғысы үзді. 1941 жылы 5 тамызда ол әскер қатарына алынды. Сұлтанбек жасы асып

кеткендіктен ауылда қалып, үш бірдей інісі – Наурызбек пен Шайділда майданға аттанса, Мұсанбек еңбек армиясы қатарына ілікті.

Соғыстың сұық ызғарын майдангерлер ғана емес, елде қалғандар да жанымен сезінді. Шағын ауыл Көкбастаудың өзінен атан жілікті 31 жігіт Отан қорғауға аттанды. Қанын ішіне тартып, іс-тірлігінен береке кеткен, дегірі қашқан халық қай жерде де. Қара бұлт төбеден төніп келе жатқаны мақау түсінетіндей айқын байқалды. Осынау жойқын заман, мекер мезгіл, қырын келген қырғын кімді жылатпады, кімнің жанын жапырақтай қалтыратпады. Соғыс деген сөздің өзі ауыл адамдарының жүргегін сыйздатып, жанын күйзелтті, өміріне ызғар әкелді. Соғыс деген сұрапылдың атын атап, түсін түстеген жүрттың жүргегіне салмақ түсті.

Қанқасап қырғынның қасіреті кімнің шаңырағын айналып өтпеген. Құласанның әкесі Сұлтанбектің інісі Наурызбек соғысқа кеткен күннен бір ай уақыт өткенде Отан қорғау кезінде ерлікпен қаза тапты деген қайғылы қара қағаз келген қабырғаның көк етін сөгіп. Диханда Есенқызы әже мен кішкентай Нұртасын құшақтап аныраған жұбайы, Көкбастауда Құласан ана қалды ағасын жоқтап. Болған іске бірақ олар болаттай берік болып, қалғандарының амандығын Жаратқаннан шындалап тіледі.

Кұласан ана күрсінулі күндерді бастан кешірді. Ана тілегі күннің құдіретті сәулесі, берекенің байланар темірқазығы деп отыратын Есенқызы әжесінің сөздерін дәтке қуат етіп, бекем болуға бел буды. Дүние тамұқтың отына оранып, күйеуі мен бауырлары ерсілі-қарсылы қайшыласқан оқ ортасында жүргенде мерт болып, туған жердің бір кетпен топырағы бұйырмай кетер ме екен, тірі қайтса екен деп сәт сайын тіледі.

Бұл кезде колхоз жұмысының бар ауыртпалығы қарттардың, әйелдер мен балалардың мойнына түскен. Соғыстағы жауынгерлер үшін аузындағысын жырып беріп, егінді кетпен-күрекпен салып, піскен кезде қол орақпен орган қыз-келіншектердің үлесіне тиген қиыншылық сөзбен жеткізгісіз еді. Ол кездегі жұмыстың қияметін айтпаңыз. Майданда – ерлер, ауылда солардың өмір арбасына бірге жегілген жұбайлары жанқиярлық көрсетті. Оншақты қария, 30-40 әйел, бір топ балашағамен бірге Кұласан да алғашқы сәттен берекелі еңбекке ден қойған. Ер-азаматтарымыз ұрыс даласында жүргенде ел тоқ болуы үшін жер жетімсіремеу керек, оны жетімсіретпейтін шаруағана, ал нағыз шаруа көктен түспейді, ол мына ауылдағы біздер деп абысындары мен құрбыларын қанаттандырып жүретін де осы Кұласан ана еді.

Көкбастаулықтар соғыс жылдарында негізінен бидай мен қант қызылшасын өсірді. Азаматтар түгел майданға аттанып, колхоздағы шаруаның кенеуі кете бастаған. Сол шаруаны түзету үшін қыыннан тайсалмайтын төзім керек екенін ауылда қалғандар алғашқы сәттен-ак ұққан. Қыруар шаруаның қыл шылбырын есіп, қарбалас тірліктің тиянағын келтіргенде ғана соғысқа кеткен азаматтары алдындағы, өсіріп жатқан ұрпағы алдындағы қасиетті борышын өтей алатынын сезінген келіншектер қыынға да, құйынға да шыдас береміз деп серттесіп, мықтылап бел буып, жұмысқа кіріскең. Таңертенгі алакеуімнен тұн қараңғылығы қоюланғанға дейінгі сырттағы тынымсыз бейнет, үйге келсе отын-су, балалардың тамағы, кір-қоны. Тұнде екі-үш сағатқа көз ілерде сонау қырдағы соғыс сойқаны, отқа оранып ойбай салған орыс орманы, басқыншылармен арпалысып жүрген бауырлары, жан-жары келеді көз алдына елес болып. Бауырлары – қаны бір, жаны бөлек қимастары, күйеуі – жүрегі қалаған өмірсерігі. Оларға көкірек айырған сағынышы бар. Адам жанын азапқа салған бұл тағдырға не дерсің деген ой тағы бір ойды жетелеп келеді. Тағдыр желі ала құйын. Қай қырыңдан ұйытқығанын байқамай қаласың. Ол да басқа жұрт сияқты ию-қиу, құйынды да дүрмекті, тынымсыз күндерді басынан

кешірді. Бұл да бір жаратқанның сынағы, шындалу мектебі шығар. Ерте есейіп, төнірекке жіті қарағаны да, бой салып пейнеттенгені де тағдыр талайы жазып берген пешенеден сірә.

1942 жылы колхоздың шаруа жағдайы қындаған түсті. Жаңадан әкелініп жатқан ШТЗ, ХТЗ тракторларының руліне отыратын адам табылсашы. Аудан басқармасы тракторшылыққа әйелдер арасынан маман дайындау керек деген шешімді амалдың жоқтығынан қабылдады. Көкбастаудан да 5 әйелді трактор айдауға үйрету көзделіпті. Тракторшылар курсында оқуға таңдау түскен қыз-келіншектердің арасында Кұласан да бар болатын. Колхоз басқармасының ұсынысын ойланбастан қабылдаған ол оқу курсына өжеттікпен, ынта-ышыласымен барды. Темір техниканың былайғы жұртқа беймәлім қыр-сырын екі-үш айда біліп, жүргізуіді еш қындықсыз менгеріп алған Кұласан көктемгі жер жырту науқанында 49-шы нөмірлі ШТЗ-ның руліне отырған. МТС бастығы Кәдіров Жолтай деген кісі айналасына сыйлы, жана шыр, темірден түйін түйген нағыз шебердің өзі еді, тракторшы әйелдерден көмегін аямады. Қиналғанға қол ұшын беріп, еңбекті елеп, дәл бағасын беріп отыратын.

Тракторшылық жұмыс екі жылға созылды. Ел иғлілігі жолында төккен маңдай тері абырой әперді.

Көпшілік те көрінгенді елей бермесе керек. Көкіргінде алау тұтанып, от бол еліне қызулы еңбек сініргендер құрметке бөленеді еken. Құласанның соғыс басталғалы бергі үш жылда көкейге түйгені осы. Ауылдастарының тракторшы келіншектің қажырлы еңбегіне деген ыстық ықыласы оның абыройын алғаш рет асқақтатқан. Табысқа тоқмейілсімегі, атақ-данққа алданбады ол бірақ. 44-тің көктемінде колхоз қажеттілігіне байланысты Құласан комбайн жөндеу ісіне араласты. Егін орағы кезінде сол комбайнға өзі отырды. Ол кезде комбайнды трактор сүйретіп жүріп егін орғызыатын. Тұрсынқұл есімді келіншек жүргізетін ХТЗ-мен комбайнын сүйрете жүріп, мол астық жинап алғаны колхоз шежіресінде де алтын әріппен жазылған, шуағы шүлен сол бір сәруәр сәт Құласан апаның бүгін де дәл кешегідей есінде.

Оның 1944 жылдан есінде жаңғырып, санасына таңбаланып қалған тағы бір оқиға бар. Ол – күйеуі Тазабектің соғыстан елге оралуы. Қос балдаққа сүйеніп келген ерін тірі көргенде қуаныштан көзінен жас тамған. Бар ауыртпалық, шеменнің шенгеліндегі азап-қайғы әп-сәтте ұмытылғандай. Қаншама қара қағаз қалың қауымды қара жамылдырып, жан жүрегін жылатқан еді, енді сол қасіреттің орны тола бастағандай.

Тазабек келгелі үйге мереке кіргендей. Бірак үйде қабырға күзетіп отыратын кез бе, майдангер де бірден қарбалас тірлікке араласты. Басқарма оны егістік бригадирі етіп тағайындағы. Астына ат берді. Ат үстінде екі балдақты екі тақымына қыстырып, ертелі-кеш егіндік басында жүргені. Орайы келгенде соғыста бастан кешкендерін әңгімелеп беретіні бар. Майдангер тартқан сырдан қанқасап қырғынның адам жанын қаритын сұық ызғары келетіндей. Соғыс суреттері көз алдыңнан ақырғы сапарына асықкан керуен-көштей тізбектеліп өтіп жатады.

Аспанды қара түнек торлап, күн ұясына жылап барып батқан күндер мен түндер қасіретімен қоса, мындаған кеңес жауынгерлері үшін ерлік жолын ашып берді. Бұл қаһармандық мүмкін еместі мүмкін қылды. Жер бетіндегі тыныштық пен берекенің тек бейбіт күнде ғана баянды болатынын қанқұйлы соғыс өртінде жүргендер де, тылда еңбек майданының көрігін қыздырған қатардағы қарапайым еңбек адамдары да шындал ұғынды. Басынды көтерсең жұлып түсердей ерсілі-карсылы қайшыласқан оқтан қорықпай, намысын найза, қажырын қылыш еткен ерлер жойқынның ашы зарпын талай татты-ау. Арасында Тазабектей еркін елдің ерлері қаншама.

Тағы бір көріксіз көрініс. Гитлершілер оқтын-оқтын шабуыл жасап, кеңестіктер бекінген тұсты

басып алғып, алға жылжығысы келеді-ақ. Бірақ шепті бұза алмай, маңдайы тасқа тигендей кейін серпіледі. Жаналғыш фашистер адам айтқысыз қарсылық көріп, тауаны қайтқанына қарамай, өршелене түседі. Қарсыласын еңсерे алмаған соң бомба тендерген ұшақтарын құзғындай қаптатады. Бомба деген пәле өкіріп түскен жерін шайқап, күлін көкке ұшырарай жан сауғалатады. Осындағы сұрапылдың қақ ортасында Тазабек Жылысбекұлы сынды жайсаң жігіттер жүрді. Отаншылдық рухы ерекше ол қарулас жолдастарымен қасиетті жерімізге жаудың табанын тигізбейміз деп серттесті. Шығынға ұшырағанына қарамады. Бұршақтай жауған жау оғы талай кәрі-жастың өмірін қиды. Қаншама боздақ бір түйір корғасыннан мерт болып, майданнан оралмады. Қаншама үйдің шаңырағы ортасына түсіп, талай әке-шешенің ақ тілеуі ақталмай, үміті өшті. Қар басып, мұз жастанып жүрген кездегі бар ой-мақсат тажалды шыққан ұясында талқандап, жазықсыз жұртқа араша болу, кейінгі ұрпақтың алансыз өмір сүруіне жол ашу еді. Жауынгерлер қан кешіп, қасірет тартып жүріп бұл мақсатты орындаады. Сол сұрапылдан оралған Тазабектің тілегі тақсірет тарту бізбен бірге кетіп, жеңістің шаттығын бейбіт күннің ұл-қыздары көрсін дегенге саяды.

Әскер қатарына 1941 жылдың 5 тамызында алынған Тазабек алдымен Семейдегі әскери кадрлар дайындайтын бірнеше айлық курсантан өтті. Даирлыш курсынан соң әскерилерді салған поезд батысқа емес, Қыыр Шығысқа қарай бет түзеді. Құншығыстағы Хабаровск, Амурдағы Комсомольск, Камчаткадағы Петропавловск қалаларында әскери міндетін өтеп, тек 1943 жылдың басында ғана фашист басқыншыларына қарсы ұрысқа кірді. Бұл қарсылас екі жақтың бір-біріне беріспей, итжығысқа түсіп жатқан кезі болатын. Курск иінінде өмір мен өлім беттескен ұрыстарға қатысты. Арада алты ай өткенде тынымсыз ұрыс қымылдарының бірінде бұлар қоршауда қалған. Бұдан бұрын талай шайқаста қарсы жақтың жаңбырдай жауған оғының астынан, құдайдың қанаты қаққан болар, аман қалып қияметтің қылқөпірінен өткендей арып-ашып бекінісіне жетіп, талай фашистің көзін жойған еді, енді міне қоршауда қауқарсыз қалып қойды. Алма ағашын паналап, бітік өсken қарабидайдың арасына тығылып, біраз жан сауғалағанымен, қасындағылар түгел дерлік қырылып, жалғыз ақтөбелік қандас жігіт тірі қалған еді, түбінен түскен снаряд қазақ жігітін жалмап тынды. Жарықшағы Тазабектің екі аяғына бірдей тиіп, жер бауырлатты, тіпті қымылсыз қалды. Өңшең өліктің арасымен өткен фашистер қансыраған қазақ солдатын байқамады.

Артынша кеңес әскерлері де келіп жеткен. Бірақ талай солдат жаны қиналып жатқан тірі жауынгерді көрмей өтті. Көзін бір ашқанда өзімен бір батальонда болған Соловьевтің өтіп бара жатқанын көрді. Ол да бұған назар аударып, тірі екенін білген соң, жалма-жан жанына жетіп келіп, басын сүйеді. Әйтсе де танымады. Танитындағы түрі де жоқ болатын. Осы сәтте Тазабек немістер көріп қоймасын деп жерге көміп тастаған комсомолдық билетін қайта қазып алғып, Соловьевке ұсына бере талықсып кетті. Соловьев қарулас досын сонда ғана барып таныды.

Тазабектің соғыс сапары осылай аяқталды. Солтүстік Кавказдағы Кисловодск қаласында ұзак емделіп, дертіне шипа тапты. Ауасы жұпар, суы тұнық бұл қаланың бергені сол, екі аяғынан майдандағы ұрыс қимылдарына жарамаса да, қеудесі бүтін, сарайы ашық атан жілікті азамат туған жеріне аман жетті. Туған жер топырағының киесі болар, арада екі-үш жыл өткенде ол екі аяғын тең басып кетті. Басқыншы жаумен арпалыс кезінде жасаған ерлігі үшін II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені мен «Маршал Жуков» медалін қеудесіне тағып қайтқан, соғыстан кейінгі жылдары бейбіт еңбектің берекесін келтіріп, адамгершілік асыл қасиеттерімен де халық қадірлісі атанған Тазабек

Жылысбекулының өнегелі өмірін ұрпактары мәңгілік мақтан етуі тиіс.

Азаматтың басына қыыншылық түссе қосыла қиналып, қолдан келгенше арқасүйері болатын, ол қуанса қосыла куанып, мәз-мейрам болатын жалғыз серігі – жан жары. Жары дәл сондай болмаса, небір асыл азаматтың алтын басының құны қарабақырдай болмай қалады. Жаны таза, табиғи ақылды, жан-жағына шуағын төгетін, өзін от басы, ошақ қасынан биік ұстайтын, намысшыл, азаматтық деңгейде ойлай алатын Күласан ананың бойындағы бүл қасиеттер ер-азаматы соғыстан жарапанып келгенде қатты байқалды. Ол өмір бойы күйеуі >cүрінгенде – сүйеуші, қиналғанда – қамқоршы, ауырганда – күтуші, әйтеуір жанына сая бола білді. Қанша теперіш көрсе де, тек жақсылыққа ғана пейілін берген қамқор ана, адал жары шаңырағына шаттық байланғанын, отауының көсегесі көгергенін қалады. Сол игіліктің жолында бар ақыл-парасатын, қажыр-қайратын төседі.

Жарасты жұптың бір-біріне құрметі, ерлі-зайыптылардың кереметтей сыйластығы, ауызбірлігі, бір-бірін іштей ұғыса білетін қасиеттері олардың әрқашан шоқтығы биік жандар екенін аңғартып тұрды. Отанасы Күласан – отау тағдыры, отағасы Тазабек - өмір айдынында мұжжарғыш кеме бейнесінде болды. Бесіктен есікке дейінгі ұрпак

тәрбиесін әу бастан екеуlep қолға алды. Өйткені мәңгілік – ұрпақта. Адамзат жер бетіндегі бақытты өмірдің басқалай жалғасын тапқан емес. Балалы үйге дәulet ұя салады. Балалы үйді жақсылықтың өзі жағалап жүреді. Екеуінің ойлағаны осы. Әр бала әке мен шешенің мейірінде, отбасылық сыйластық аясында өскені ләзім. Ондай бала шаңырақ шайқалуынан, жан күйзелісінен аулақ өседі. Ондай бала өте бауырмал, қоғамшыл әрі еркін өседі. Олар осыны ойлады. Қосқан тілегі сол – ұрпақтарының жүрегі бір-біріне деген сүйіспеншіліктен алаулап тұрса деді. Осындай көркем ойды мұрат тұтқан олар өмірдің қыындығы мен қазымырлығынан мұқалмады.

Күласан ана 1945 жылдан бастап трактор, комбайнды қойып, зейнет демалысына шыққан 1970 жылға дейін қант қызылшасы алқабында звено жетекшісі болып жұмыс істеді. Жыл сайын күтіп-баптаған тәтті түбірдің әр гектарынан орта есеппен 400 центнердің төңірегінде өнім алып, озаттар қатарынан көрінді. Еңбек деген қашанда адам мерейін өсірген ғой. Ұзақ жылдар бойы егістік бригадирі, арасында екі-үш жыл колхоз басқарып, ел белін көтеріскең жолдасы Тазабек екеуі қалың қауымның құрметіне бөленді, ауылдастардың алғысын арқалады. Мемлекеттің марапаттарын иеленді. Інтымағы жарасқан жұп осылайша ғұмыр

бақытын еңбектен тапты. Берекелі ісіне қарай оларды абыройдың өзі іздең келді. Аштықты да, тоқтықты да біркісідей көрген олар қашанда желге де, шөлге де шыдас берердей бойларын тік ұстап, әйтеуір хақ жолынан аттамай ғұмыр кешті.

Алайда олардың шын бақыты – бауырынан өрбіген балалары. «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады» деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Күласан ана 13 құрсақ көтеріп, бір қызын жер бауырына берсе, қалған он екісі, Аллаға мың шүкір, өз бауырында қалды.

1938 жылы дүниеге келген тұңғышы Сәтібектің атын апасының баласы деп, «Бұзық» атаған. Сәтібек (марқұм) жұбайы Алтыншаш екеуі жеті бала сүйді. Қазір Алтыншаш жұбайы ұл-қызының, олардан тараған ұрпақтың қызығын көріп, зейнет демалысында отыр.

Екінші ұлы – 1940 жылы туылған ұлы Әлібек (марқұм) зайыбы Закира екеуі жеті баланы тәрбиелеп өсірді. Бүгінгі күні зайыбы Закира ұл-қыздарынан тараған ұрпағының тілеуін тілеп отырган жайы бар.

Жамбыл есімді жігітпен отау құрған ұлken қызы Зинат бес баласын азамат атандырып, бүгінде о дүниелік болған жұбайының шаңырағының берекесін келтірген.

Зинаттан кейін 1947 жылы өмір есігін ашқан ұлы Ақылбек. Ол жары Сарамен төрт баласынан өрбіген ұрпақтарымен бірге бақытты ғұмыр кешуде.

1949 жылы туылған Злиха есімді қызды кішкентай кезінде жер қойнына тапсырған.

Одан кейінгі Перизат есімді қызы 1951 жылы дүниеге келді. Ол жолдасы Бозымбек (марқұм) екеуі бес бала сүйді. Бүгінде әке орнын толтырып, шаңыраққа шырай берген ұрпақтарымен бірге зейнет демалысында.

1953 жылы туылған келесі қыз Әлия жолдасы Шарханмен үш баланы қанаттандырды. Ұлын-ұяға, қызын - қияға қондырған Әлияның да өз алдына ел үшін еткен еңбегі еленіп, еңбек жолында грамотамалармен, ҚР ауыл шаруашылығы және қайта өндіре үйімдары қызметкерлері кәсіподактар одағы заңды тұлғалар бірлестігінің Орталық комитетінің салалық наградасы (2011 жылғы 1 наурыз №6 п.5 Президиум қаулысымен) II дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен марапатталды.

Сегізінші перзенті – 1955 жылы дүниеге келген Марат зайыбы Ханзада екеуі екі қызын үкілеп өсіріп, немерелері қуанышқа шаттыққа бөлеп отыр.

Жарық дүние есігін 1958 жылы ашқан Әсия жолдасы Ахметбекпен бірге бар бақытын бір перзентімен байланыстырған. Қазіргі таңда ұлы

Ернаттың ұл-қыздарының қызығына тоймай шаттанған жайлары бар.

1960 жылы туылған Нұрболат Ауған соғысы ардагері. Ол «Служил в Афганистане» белгісімен, «От благодарного Афганистана» медалімен, «Вывод войск из Афганистана» 10,15, 20 жылдық мерейтойлық медальдарімен марапатталды. Жастайынан жүрек қосқан жұбайы Күлзахира екеуі бес тұлымдысын тәрбиелеп, азамат атандырып отыр.

Куласан анамыз қара шаңырақта өмірінің соңына дейін ұлы Нұрболаттың қолында болды. Келіні Күлзахира болса анамызды өз анасындай күтті.

Балғын шағынан білімге құштар қызы Ақмарал, қазір Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде қызметте. Ол 1987 жылы Жамбыл женіл және тамақ өнеркәсібі институтын бітіріп, осы жылдан бастап 25 жылдан астам уақытта мемлекеттік қызмет саласында жүр. Ата – анасының берген тәрбиесінің арқасында, еңбеккорлық қасиеттерінің дарығанынан болар, нәтижелі де абыройлы ісі осы уақыт аралығында мақтау грамоталарымен, Астананың 20 жылдығына араналған «Мерейтойлық» медалімен, мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік - экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достықпен ынтымақ-тастықты

нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін ҚР Президентінің Жарлығымен (2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 974) «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қыздың кенжесі Дина өмірсерігі Айдынбек екеуі төрт перzentіне үміт артуда. Қыздары республикамыздағы акпарат құралдарында қызмет атқарып ата-анасының үмітін ақтауда.

Ата-анасының кенжесі 1966 жылы дүниеге келді. Баланың кенжесі болғаннан кейін еркелетіп есімін Кенжеғали атады. Сол кенже ұлы жұбайы Жанармен ұл-қызын мәпелеп, өз алдына бір шаңырақ болып отыр.

Көп балалы ана ретінде бағаланып Кеңес дәүірінде, 1963 жылы Батыр аналарға арналған алтын медалімен, 2005 жылы тәуелсіз еліміздің «Алтын алқа» алқасымен, және де «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Қазақта перзенттерін, немере-шеберелерін санамайтын ырым бар. Бүгінде ұлken отбасының, тұтас бір ауылдың алтын діңгегі болып отырған Құласан ана жақсы тәрбиенің тағылымы өміршең болатынын жастайынан ұғып, ұл-қыздарын саналы етіп тәрбиеледі. Әрбірі өз қалауларына қарай жоғары білім алды. Үрпақтарының ешқайсысы ана бетіне жел боп тимеді, ата-анасын ұялтпады.

Балалары мен немере, шөберелерінің барлығы шетінен еңбексүйгіш, өнерлі, ақылды, кішіпейіл болып өсті. Қарт ана осыған шүкір дейді. 12 ұл-қыз өсіріп, олардан 40-тан аса немере, 60-тан аса шөбере, 5 шәпшек сүйген Кұласан ана бүгінде жапырақ жайған бәйтерекке, дауасы мол дарақ ағашқа ұқсайды. Жылысбай әuletі, бүкіл ауыл тоқсанның шоқтығына қол созып, жалынан ұстаған Кұласан анамен ажарлы болса керек. Анамыз қазір кешегі кеңестік кезеңге салауат, бүгінгі тәуелсіз өмірге аманат айтып бекзат болмысымен әдемі қартайып отыр ортамызда. Жүзі солғын тартқанымен жан сарайы жап-жарық. Сарғайған сағым жылдардың сайрап жатқан іздері туралы ризалықпен көсіле баяндайды. Анамыз барда өткен өмірдің ізі сүймайтынына көзіміз жетіп, көніліміз сенгендей.

Өзінің жүріп өткен ғұмыр-соқпағына бұрыла қарап тіршілік тағдырына шүкіршілік етіп отырған ана қаншама баланы қырандай баулып, ұядан қанатын қатайтып ұшырды. Қанша бақытты өмір кешті десек те, бәрібір ұзак өмір сүрген адамның көнілі жетімсірейтіні зандылық. Қаншама жақындары бақылықта аттанды. Солар жиі есіне түседі. Бірмезгіл қауқылдастып, өткені мен кеткенін әңгіме етер қатарынан айырылып, замандастарын жоғалтқан көнілі кейде алабұртады. Иә, өмірдің

әрбір күні той емес. О дүниеге кеткендерді сағына еске алып, рухымен сырласқандай күй кешеді. Алла қосқан қосағы Тазабек 1998 жылы 85 жасында өмірден өтті. Екінші інісі Әбсамат соғыста ерлікпен мерт болып, Украина жерінде Оңтүстік Бирюсаның маңындағы бауырластар зиратында мәңгілік мекенін тапқан. Одан кейінгі інісі, 1927 жылы туылған Әбсейіт небәрі жеті жасында қайтыс болған. 1930 жылы дүниеге келген Сейсекұл есімді сіңлісі Шолпанбеков Сейсен деген азаматпен тұрмыс құрып, 6 бала сүйді, бәрін үйлі-баранды етіп, 2009 жылы дүние салды. Ал тете інісі Әбен аға жайлы естелік өз алдына бір бөлек. Әбен інісі өмірсерігі Тұрганкулмен ұзақ жылдар тату-тәтті, жарасты тұрмыс кешті. Бауырынан бес баланы өрбітіп, аяқтандырды. 2011 жылы 90 жасқа қаражан шағында Әбен інісі дүние салды.

...Қазір Көкбастау төңірегінде Кұласан анадан жасы үлкен немесе қарт анамен жасы шамалас адам қалмады. Үлкендерді айтпағанның өзінде иықтасып, қанаттасып өмір кешкен замандастарының барлығы бақи дуниеде. Бәрін де ризашылықпен еске алады, сағынады. Ал өзін балғын шағында мәпелеген, ғұмыр-тіршіліктे шапағаты тиген жақындарын ойлағанда кейде көкірегін ауыр деп қақыратып, дімкәс курсінеді. Анасы өлгенде өз балаларымен бірге немерелерін де аялы алақанына салып,

әлдилеген әжесі Есенқызы 1964 жылы 96 жасында қайтыс болды. Сұлтанбек әкесінің інілері Наурызбек пен Шайділда соғыстан қайтпады. Наурызбектен қалған жалғыз үл Нұртас Есенқызы әженің шаңырағында қалды. Немере інісі Нұртас жұбайы Раямен бір бала сүйді. 2014 жылы Нұртас дүние салды.

Енелері де ойына жиі оралады. Күн жағына көлеңке, жел жағына пана болған қос енесінің жақсылығын көп көрген еді. Әсіресе күйеуі Тазабек майданға кетіп, екі баламен, екі қайынсіzlімен ауылда қалғанда сол ақжаулықтылар жүргегіне жылуды аямай-ақ берген. Ұлken енесі Тәлімқызы 1946 жылы, кіші енесі Құлсін 1954 жылы 56 жасында дүниеден өтті. Олардан қалған із сол – еңбекқорлық және мейірімділік.

Қос енеден тәлім алған Құласан ана ұлкен аналарға деген сүйіспеншілік сезімге шаң отырғызбады – адал еңбек етті, аналық мейірімін ұрпағына сыйлады. Ауылдастарының, ағайындарының ыстық ықыласына, ілтипаты мен құрметіне бөленді. Ұл-қыздары жылына жыл, күніне күн қосып, ардақты анасын асқарға шығарды. Мемлекет тарапынан да сыбағасыз қалған жоқ. Кеңестік дәүірде өңіріне қадаған «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін», «Ерен еңбекі үшін», «Еңбек ардагері»

медальдары, Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы, «Батыр ана» белгісі, тәуелсіздік жылдарында берілген «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалі мен «Алтын алқа» алқасы, басқа да мемлекеттік наградалары – алтын әжемізге көрсетілген құрметтің бедерлі белгісі. Өмір бойы халықтың қарғысын алмай, алғысын алған ананың ғибратты ғұмырнамасы – таусылмайтын дастан.

«Ұлы өзендер сарқылмайды, ұлы таулар аласармайды, ананың ұлылығы ұмытылмайды» деген сөздер Куласан анамызға арнап айтылғандай. Ол қазір де ұрпағының паналайтын орманы мен қорғаны. «Жақсы қартайса – қазына» деген. Дәүлеттен гөрі қадір мен құрметті қастер тұтқан анамыз тоқсаннан асып барады. Шүкір, әлі тың, көкірегі ояу, санасы сергек. Болмысы баяғыша бөлек, ұжданы берік, мейірімі көзінен көрініп, ақылы сезінен сезіліп тұр. Берекелі тұрмысы, ақ жайылған дастарханы бар. Ұлы Болат пен келіні Құлзахирамен бірге тұрады, сол өзінің бұрынғы Көкбастауында. Бұл үйдегі көзқуанышы – Айдар, Асқар, Абзал, Абай, Абылайхан есімді немерелері мен кішкентай шәбересі Жансая, Бекарыс. Бұлдіршін кезінен асау толқынына зер жалатып өскен Талас өзенінің бір жағасы төркіні, бір жағасы барған жері, асыл ананы ыстық құшағына алған.

Ауылына кіргенде жерүйыққа тап болғандай күй кешетіні де сондықтан.

...Кұласан әже екеуміз ұзак отырып әңгімелестік.

- Қазір өзгеше кезеңді бастан кешіп жатырмыз. Әркім өз бетімен өсірген сақалды күзер, өз бетімен қисайтқан уықты түзер кез келді, қарағым. Осы күнге жеткеніме қуанамын. Қатарларымның көбі тәуелсіздік деген тәтті ұғымның дәмін тата алмай кетті. Атам заманнан халқымыз өз жерімізге өзіміз ие болып, еліміздің тұтқасын өзімізден туған ұлдар ұстаса еken деген ниетті мұрат тұтып келген еді. Сол мұрат әркез елдік намыстың ең биік өлшемі болды. Бүгінгі болмысымыздың шын парқын, ертеңіміздің шынайы қадір-қасиетін біліндер. Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керектігін дуалы ауыздар біліп айтқан. Адамнан кейінгі ең қымбаты ақыл-ой мен ар-ождан еkenін ұмытпандар. Ал атақ-абырой адамгершілік пен азаматтық парызды тең тұтынған тектінің еңбегі арқылы келмек. Төнірекке ізгіліктің нұрын шашындар, азаматтық тұлғаны әрқашанда биік ұстандар, арзаннан олжа іздемендер, айналайындар, - деді Кұласан ана қоштасарда.

Жаратқан ием өмір жасын ұзартсын дедім іштей өмірдің сары күзінде отырған ақ жаулықты әженің әжім торлаған жүзіне қарап. Ол көзден кетсе

ортамыз ойсырап, жетімсіреп қаламыз-ау. Осыны ойлап жүйке-жүйем босагандай. Кеудесін қара еңбегі күмбірлетіп, тек жаксыға ғана пейіл берген жылы жүректі жанның саулығын Талас суының арғы беті мен бергі беті түтелімен тілеп отырған жайы менің де жанымды жұбатты...

*Автор*



## АСЫЛ АНА, БАТЫР АНА- БӘРІ ӨЗІ

Бүгінде жасы 91-ге келген Куласан анадан Көкбастау ауылды бойынша жасы жөнінен ешкім алға түседі алмайды. Көп жасағанымен бірге көпті көргендігімен де айрықа құрметке ие кейуана баршаға кәрі жүрегінің мейірімін төгіп, ұлken - кішінің қай-қайсын да жылы сөзбен аялап отырады. Бір ауылдың ақылман ұлken анасы десе де болады. Енді бір тоғыз жылы кем демесе ғасырлық өмір кешкен анамыз әлі өзін сергек сезінетіндей, сөзі ширақ, әңгімесіне әзіл қосып, әрлеп айтатыны ғажап-ақ. Ауыл-елдің амандығына алаңдалап, әлдебір ауылдастының сырқатты жағдайын естісе қабырғасы қайыса уайым қылатын, ал, жұрт ішінде біреудің куанышқа кенеліп жатқанынан хабар алса жақсылығына жақтасып жадырап қалатын көвшілдігі аңғарылып, білініп тұрады екен. Қарапайым осы қасиетімен жаныңды өзіне тартып, баурап алатын Күласан анадан өз өмірінен сыр шертуін сұрағанымызда: - Е, шырағым нендей қындықтарды бастан кешпедік, ауыртпалығы мол жылдарда армандай жүріп алға жылжыдық, үмітпен

өмір сүрдік. Қазір міне арман, үмітіміз ақталып жақсы кезге жеттік. Немереден шебере көріп, соларды қызықтау бақытына ие болдым, - деп қанағат сезімде жағалай отыреған немерешеберелерін мейіріммен айналып, толғанып алғаш ширақ көңілде әнгімесін жалғастырды.

-Мен 1919 жылы Дихан ауылында дүниеге келгем. Төркін жұрттымнан қазір көзі тірі інім Сұлтанбеков Әбен аталарың бар, білетін шығарсындар. Ол өзі соғысқа қатысқан, өмір бойы бала оқытып зейнетке шыққан. Еліне қадірі бар, осы Байзақ ауданының Құрметті азаматы. Құдайға шүкір қазіргі шақта Әбен інім бала- шағасының қызығын көріп, әлі де сол елдің жұмысына ақыл- кеңесін беріп шапқылап жүр.

1937 жылы осы Көкбастау ауылының азаматы, өзімнен 6 жас үлкендігі бар Жылышбаев Тазабекке тұрмысқа шықтым. 1938 жылы тұңғыш ұлымыз Сәтібек, арада екі жыл өткенде Әлібек атты екінші ұлымыз өмірге келіп мәре- сәре тәтті тірлік кешіп жаттық. Содан Тазабек аталарың Шымкент қаласында ауыл шаруашылық техникумының есепшілік курсында оқып жүргенінде кенеттен бұрқ етіп соғыс басталды. Оқып жатқанына қарамастан оны әскери комисариат шақыртып алған, соғыстың бас кезінде-ақ, 1941 жылдың 3 тамызында әскер қатарына әкетті. Алғаш Семейде, кейінірек

Хабаровск, Комсомольск қалаларында әскери дайындықтан өткен Тазабектен 1943 жылдың қаңтарында ұрысқа кірдік деген хат келді.

Қазір есімде жок, қай майдан, қай жер екені, ұмытыппын. Не керек сол жылдың жазында кезекті шайқас үстінде екі аяғына бірдей снаряд жарықшағы тиіп ауыр жараланды. Кавказдың Кисловодск қаласындағы әскери госпитальда ұзақ уақыт емделіп, 1944 жылы наурыздың 14-і күні қос балдаққа сүйеніп Тазабек елге оралды.

Тылдағы өмірдің өзі ол кезде ауыр еді. Жұмысқа жарамды деген шал- шауқаннан бастап, белі қатпаған балаға дейін, әйелдер болсада бәрі күнді түнге, кешті таңға жалғап іс басында еңбектенетін. Мынадай қын жағдайда жарадарлығын себеп қылып жатып алуға дәті шыдамаған күйеуім келгеніне бір ай өтпестен –ақ атқа отырып екі тақымға қыса, егін алқабы жұмысына бригадир болып еңбекке араласып кетті. Бригадирліктен 1947 жылы сиыр фермасына меңгеруші, екі жыл Мырзатай ауылына бастық болып, мұнан кейін осы Көкбастау ауылында егін шаруасының есепшісі, қырманда, қызылша алқабында бригадирлік қызметтер атқарды. Тағдыр қосқан Тазабек қосағым екеуміз аттай 61 жыл қатар өмір сүріппіз. Ол 1998 жылы өмірден озды. Күйеуім туралы айтып отырғаным, биыл Ұлы Жеңістің 65 жылдығы аталып

өтпек, Тазабек болса осы қырғынға қатысқан ардагердің бірі. Кезінде II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков» медалімен марапатталған, әрі еңбектенуде озық ұлгіні ұстанған азаматымның өнегелі өмірін немере, шөберелер мақтаныш етуге, келешек ұрпақ білуге тұрарлық деп ойлаймын. Қанша дегенмен ерін алдыға қойып сейлейтін көне адамдардың тәрбиесін алғандықтан, сүйекке сіңісті мінезben марқұм Тазабек туралы алдымен айтып өткенім айып бола қойmas.

Ал, енді өзімнің еңбек жолым 1941 жылы қызылша өндіруден басталды. 1942-1944 жылдар аралығында қызылша алқабын жұмысын атқаратын «Пармол» деп аталатын универсал трактор айдадым. Тракторымның нөмірі 49 болатын, әлі есімнен шықпайды. Эйел де болсам намысқа тырысып, техника тілін игеріп тер тәктім. Ол кез трактор жүргізуге ер азамат тапши. Күннің ыстық аптабына, сұық ызғарына шыдап еңбектенуге тура келеді, 1944 жылы комбайнға жүргізуші болып астық жибым. Соғыс бітіп, ер азаматтар елге орала бастағанда тракторымды өткізіп, қызылша алқабына звено жетекшілігіне жұмысқа кеттім. 6 әйел бір звено саналатын. 1948 жылы әр гектардан 400 центнерден тәтті түбір жиып, облыс көлемінде алдыңғы орындардан көрініп, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасын алуым


ауыр бейнетімнің тәуір нәтижесі, абыройлы ісімнің айғағы.

Осы қарқында 1970 жылға дейін звено жетекшісі болып еңбектеніп аталмыш жылы бала жөнінен 50 жасымда зейнетке шықтым.

Көп балалы ана ретінде бағаланып Кеңес дәуірінде, 1963 жылы Батыр аналарға арналған алтын медальмен, 2004 жылы тәуелсіз еліміздің «Алтын алқа» алқасымен марапатталдым.

Бүгінде 6 үл, 6 қыздан барлығы 46 немере, 52 шөбере сүйіп өрісім кең қанат жайып отырған адаммын - деп әнгімесін аяқтады ақ жаулықты кейуана. Аналық ақ жүргегінен айналасына жылумен жарық шашып жүрген абзал аナンЫң көрер қуанышы, шаттығы мол болса еken деп тілекtestігімізді білдіріп қоштастық.

*Қасқырбай Дағібайұлы,  
«Ауыл жаңалығы»,  
2010 жыл 24 ақпан*





Тазабек әкеміздің алдында отырған үлкен қызы Зинат  
3 жаста, Кұласан анамыздың алдында отырған ұлы  
Ақылбек – 1 жаста, ортада тұрган тұнғыш ұлы  
Сәтібек, солдан онға қарай: әкеміздің карындасы  
Зейнебұл, ағайыны Әшімхан, екінші ұлы Әлібек,  
1948ж.



Куласан анамыздың әкесі, нағашы атамыз  
Сұлтанбек, Дихан ауылы



Жылысбаевтар әuletі: Тазабек әкеміздін алдында отырған қызы Ақмарал, Куласан анамыздың алдында отырған ең кенже қызы Дина, ортада тұрган қызы Әсия, тұрып тұрғандар солдан онға қарай: ұлдары - Нұрболат, Марат, ұлдары- Әлібек, Ақылбек, қызы Перизат, кара шаңырактағы алма бағы, Көкбастау ауылы, 1965 жыл.



Ортада анамыздың жиен қайнысы Лесбек, оң жакта  
қызы Алия, сол жакта қызы Перизат, күрбәсі,  
Алматы қаласы, 1970 жыл



Тазабек әкеміз бен Куласан анамыз ортасында, сол жактағы  
әкеміздің қарындасы Зейнекүл экпе, Әшім жезде, оң жақтағы:  
келіні Сара, жиен қызы Зухра бөлесімен, жоғарыда солдан онға  
қарай ұлы Әлібек, жиені Алтынхан, ұлы Ақылбек, Жамбыл  
қаласы, 1988ж.



Кұласан анамыз замандасы Аманкүл апамен, немересі  
Айдармен; Жамбыл қаласы, 1988 ж.



Әкеміз Тазабек, анамыз Кұласан. 1981 жыл.



Кұласан анамыз қыздары Әлия мен Ақмаралдың  
ортасында, Жамбыл қаласы, 1981 ж.



Ата –анамыздың 50 жылдық «Алтын той» мерей тойы және кенже ұлы Кенжегалидың үйлену тойы, ортада : замандастары - Аманкүл апа, Әбдікали ата, Тазабек әкеміз бен Куласан анамыздың бауырлары, ұл-қыздары, келіндері, қүйеу-балалары, немерелері, агайын-туыстары. Көкбастау ауылы, 1987 жыл.





Ата-анамыз немерелірімен, Көкбастау ауылы



Ұлы Әлібек армия қатарында,  
Қызылорда облысы, Төретам қаласы, 1962 ж.



Ата-анамыз қызы Эсия мен күйеу баласы Ахметбектің отбасында, ортада ата-анамыз солдан онға қарай: күйеу баласы Ахметбек, немересі Ернат, қызы Эсия, он жактағы кенже қызы Дина, тұрып тұргандар: қызы Ақмарал, күйеу баласы Айдынбек, немере қызы Гульнара, Жезқазған қаласы, 1991 жыл.





Тұнғыш ұлы Сәтібек пен келіні Алтыншаш ұл-қыздары  
мен немерелірінің ортасында, оң жақтағы ұлы Байкен,  
қызы Гүлмира, сол жақтағы кенже қызы Жазира,  
Кекбастау ауылы



Тұнғыш немересі Еркінғали, армия қатарында, 1985ж.  
Ресей, Челябинск қаласы.



Ұлы Әлібек пен келіні Закира, ұл-қыздарымен, сол  
жактағы кенже қызы Тоты, ұлы Мирас, немерелері,  
Сарыкемер ауылы





Ұлы Ақылбек пен жұбайы Сараның отбасы; солдан онға қарай: қыздары Анар, Жанар, үлдары Дидар, Дәурен, келіндері, немерелері.



Ұлкен қызы Зинат пен күйеу баласы Жамбылдың отбасы, сол жақтағы қыздары - Қарлығаш, Айсулу, Жансулу, он жақтағы үлдары - Ескендір, Уалихан



Қызы Перизат пен күйеу баласы Бозымбектің  
отбасы, ортада Жамал құдаги, ұлы Айдархан,  
қыздары Гаухар, Алтынай, Ақбаян, Жамбыл қаласы,  
1980 ж.



Анамыз қызы Перизат пен күйеу баласы Бозымбектің  
отбасында, кыздары Баян, немерелері Қанат,  
Нұрболсын, Әсел. Тараз қаласы, 2001 ж.



Қызы Элия мен күйеу баласы Шарханның отбасы,  
ұлы Марс, қызы Салтанат



Қызы Әлия мен күйеу баласы Шарханның ұлдары Майс,  
Марс, қызы Салтанат. Аманыздың кенже қызы Дина  
қыздарымен: Әсель, Саида, Тараз қаласы, 1997жыл.



Ұлы Марат пен келіні Ханзаданың отбасы, кыздары  
Меруерт, Арайлым





Қызы Әсия мен күйеу баласы Ахметбектің отбасы, ұлы  
Ернат, келіні Гүлнұр, немерелері Әдиет пен Дарига,  
Астана қаласы, 2010 ж.



Анамыз кара шаныракта ұлы Нұрболаттың бала шағасымен,  
сол жакта қызы Әсия, анамыздың алдында отырган кенже  
немересі Абылайхан, он жакта отырган келіні Гулзакира, солдан  
онға қарай түрып тұргандар: немересі Абзал, немере күйеу  
баласы Ерлан, улы Нұрболат, үлкен немересі Айдар,  
Көкбастау ауылы, 2008 .



Куласан анамыз қызы Ақмаралдың шаңырағында,  
1 суретте сол жактағы қызы Әлия қонакта, 2 суретте:  
сол жактағы немересі Аскар, Астана қаласы, 2005 ж.





Кенже қызы Дина, күйеу баласы Айдынбектің  
отбасы, қыздары Әсел, Саида, ұлы Ерасыл.  
Астана қаласы, 2014 ж.



Кенже ұлы Кенжеғали, келіні Жанар, немересі  
Перизат. 2012 ж.



Анамыз Кенжеғалидың ұлы немересі Алмаспен,  
қантар, 2014 ж.



Оңнан солға қарай: Ұлдары Әлібек, Кенжеғали,  
Нұрболат, күйеу баласы Бозымбек, ұлы Ақылбек,  
келіні Сара.



Анамыз ұл-қыздары, күйеу балалары, келіндері мен  
немерелері арасында. Тараз қаласы, 2006 ж.



Анамыз немересі Аскар мен Менсұлудың үйлену  
тойында ұл-қыздары мен келіндерінің ортасында,  
Тараз қаласы, 2012 ж.



Қыздары Перизат, Ақмарал, келіні Алтыншаш  
анамызбен бірге.



Оңнан солға қарай: келіні Алтыншаш, анамыз, келіні  
Закира, жоғарыда Құлзакира, қызы Перизат, күйеу  
баласы Шархан, қызы Элия, Тараз қаласы, 2009 .



Анамыздың тете інісі Әбен ағаның баласы, нағашы  
немере інісі Дулат анамыздың туылған күнінде сый  
көрсетуде, Көкбастау ауылы, 2014 жыл.

*Мүлкесілт  
Тазабек*



ЗА ХРАНПОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,  
ПРОИВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-  
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТИЧИКАМИ,  
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ  
ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941 — 1945 ГОДОВ  
УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 14 марта 1985 г.  
НАГРАДЕН ОРДЕНОМ  
**ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**  
II степени

д № 054070

Секретарь Президиума  
Верховного Совета СССР *Чеченовский*  
№ ордена 167660

Экеміз Тазабек, Жоғарғы СССР Советтер  
Президиумының жарлығымен 1985 жылы 1 наурызда  
«Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен  
марапатталды.



Жоғарғы СССР Советтер Президиумының  
жарлығымен 1963 жылы 10 қазанда 10 бала туып,  
тәрбиелеген ана ретінде «Батыр ана» құрметті атағы  
берілді.

2005 жыл  
 шілдегі 6-даты  
**Жарлық бойынша**  
 «Алтын алқа» алқасымен  
 марапатталды  
 Атаптау



**Указом**  
 от 6 июня  
 2005 года  
 наименование  
 почетной «Алтын алқа»

КР Президент Жарлығы бойынша 2005 жылы  
 6 шілдедегі №64613 «Алтын алқа» алқасымен  
 марапатталды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Республикасы  
 Президенттің  
 2004 жылғы 14 қыркүйектегі  
 № 1439 Жарлығы бойынша  
*Жемісбекова Құлайш*



«1941-1945 ж.

Ұлы Отан соғысындағы  
Жеңіске 60 жыл»  
мерекелік медалімен наградталды



*Аудан жетек*

M.O.

Аманыз «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл»  
 мерейтойлық медалімен марапатталды, 14 қыркүйек  
 2004 ж..



*Анамыз бала шағасының ортасында  
2014 жыл 9 мамыр  
Ұлы жеңіс күніне арналған мерекелік  
дастарханда, Қөкбастау ауылы.*

## **ОҢ ЕКІ БАЛА ӨСІРГЕН АНА ӨЗІН ШЫН БАҚЫТТЫ САНАЙДЫ**

Елге тірек, ерге жар, балаға ана, баршаға қамқор болған қажымас қайратты қайран біздің аналар-ай? Оларды қалай мақтасаң да жарасып тұрмай ма! Осындай асыл аналардың бірі - Көкбастау аулында тұратын Құласан әжей.

Ол өмірі жайлы сыр шертсе өткен ғасырдың көрінісін толық анғаруға болады. 1919 жылдың күзінде өмірге келген ауыл қызының балалық шағы қалай өткені белгілі. Соғыстың алдындағы ауыр жылдар. Аштықты да көрді, алапатты да көрді. Қындықты көре жүріп бойжеткен қыз Тазабек деген жігітке 18 жасында тұрмысқа шыққан. Осылай отау тігіп, ес жиып, етек жауып дегендей ел қатарына қосылдық па деп жүргенде айта беретін соғыс басталды да кетті. Енді елдегі ер азамат майданға алына басталды. Солардың қатарында Тазабек Жылышбекұлы да Отан қорғауға аттанып кете барған. Ол майданда жаумен арпалысса, Қуласан апа елде отын жағып, тұтінін тұтетіп, қалғандарының қамқорын соғып жүрді. Елден ерте тұрып үйдің тірлігін жайғару, құні бойы егіс даласында еңбек ету, кешке жүрттың ең артынан

жату сол кездердегі келіншектердің еншісіне тиген несібе еді. Оның үстіне алыста майданда жүрген жарынан бір хабар келіп қала ма деп екі көзі төрт болатын. Сөйтіп жүргенде майданнан Тазабек те оралды.

Соғыстан соңғы жылдар да жеңіл болды дейсің бе? Қиуы қашқан тірлікті қайта қалпына келтіру қайдан оңай бола қойсын. Ел біртінден ес жия бастады. Солардың қатарында бұлар даенсе көтерді. Бірақ бір сәтке еңбектен қол үзген кездері жоқ. Егіс даласындағы ен еңбектің ортасында осы Кұласан Сұлтанбекқызы жүрді. Ең бастысы қыын кездерде еңбектен қол үзбей жүріп 12 бала туып өсірді. Ерімен сол балаларын айтулы азамат етіп жетілдірді.

Алты үл, алты қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген ардақты аナンЫң өнегесі кімге болса да үлгі болғандай. Бүгінгі келіншектер бір-екі перзент көрген соң «баланы қалай асыраймыз» деп байбалам салып шыға келеді. Ал шын мәніне келсек Кұласан әженің жастық шағы әлдеқайда ауыр кезеңге тұра келгенін кім мойындамас.

Соған қарамастан сол жылдардың келіншектері еңбекте де есесін жібермеген, перзенттерін де тәрбиелеп өсіре білген. Ауылдағы болар болмас еңбекақымен үл- қыз өсірген солардың балалары да қатарынан кем болған емес. Құдайға шүкір бүгінде

Кұласан әжейдің ұрпағы бір ауыл болды десе артық болмас. Балаларынан қырыққа тарта немере, жиырмашақты шөбере көріп отыр. Олардың қызығын көрген әже «тіл көзден сақтай гөр» деп тілек білдіреді.

Жаннат аналардың аяғының астында дейді. Рас болар Алланың берген өмірін адап еңбек, бала туып, бағып, өсіріп, немере-шөберелерінің қызығын көруге жұмсау бұл дүниенің жаннаты емес пе?

*Ә. Нұржсан*

*Жаңатұрмыс ауылдының имамы*

## СӨЗ СОҢЫ

Былтырғы жылдың 9 мамыры ғой, қашаннан бергі дәстүрмен бүкіл үрім-бұтағы Күләсан әжеміздің үйінде бас қосқаны. Сұрапыл соғыстың төрт жылдық тақсіретті жолымен жүріп өтіп, оқ пен оттың ортасынан елге аман-есен оралып, кіндігінен ұрпақ таратқан Тазабек атамыздан қалған із бұл. Содан да Жеңіс күнінің апамыз үшін күйінішінен гөрі сүйініші басым. Өмірсерігінің бақиға кеткенін қамыға еске алғанымен, бауырынан өрбіген ұрпақтары киелі шаңырағында жиналған сэтте куаныш құшағынан босамай қалады. Ұрпағының бойына өзек болып өрілер тәлімді берген өзі еді, енді сол өскіндері «апалап» келіп құшағына құлағанда бақыттан басы айналып, есті ұрпағына кәрі жүргегі елжіреген. 96 жастағы қарт әжеміз сол күні үйге келгендердің бәрін де таныды, әрқайсысымен емен-жарқын әңгімелесті. А纳мыз шара шара нанын пісіріп, қымызын сапырып, көрпесін тігіп отырғанда әуендететін, сонда мына бір шумак өлеңдерді жиі- жиі естуші едік:

«Қиылып қасың, сүзіліп шашың,  
Басыңнан бақ дәuletің арылмасын-ай».

Бұл жолы да бала шағасының ортасында жиен қайнысы Лесбек ағаның жақсы көретін «Маржан қызы» халық әнінің, Кенен атамыздың «Қордайдың самал желі» әнінің бір шумағын айтып берді. Мәуелі бәйтеректей журнақтарын қасына алып суретке де түсті.


Қайтпас сапарға аттануға буынып-түйініп отыр екен-ау асыл әжеміз, абзал анамыз. Перзенттерінің бесігін соңғы рет тербеткен екен-ау. Женіс күнінен арада алты күн өткенде, 15 мамырдың мамыражай сәтінде жарық дүниемен қоштасып кете барды. Аспан күніреніп, жер жылағандай. Артында ұрпағы қалды аңырап. Көңілде шер, көзде жас. Көкіректі ауыр дем қақыратқан. Тағдырдың долы дауылы көктем-көнілдің соңғы қызғалдағын жұлып кеткендей. Жұрттың жүрегі опынып, дімкәс күрсінді. Фасырға жуық жасаған қарт анасын ешкім де қара жер қойнына қияр емес. Алайда Алланың қалауына, уақыттың үкіміне көнбеске амал жоқ. Ауыл ардағын, әuletтің алтын діңгегін бүкіл халық болып бақи дүниеге шығарып салған.

Абзал ана сынын да, сыйын да жоғалтпай өтті өмірден. Артында мәңгіліктің көпірі – ұрпағы қалды. Адамшылықтың елшісіндей жүріп өткен ғибратты да мұратты жолы қалды, санаға сәуле құяр салиқалы сөзі, ақыл мен қайратты тең тұтынған текті тілегі қалды.

Асыл әже көзден ұзагалы жыл өтті. Артында иманды да ибалы, ұлағат көрген ұрпағы барда әже шырағы мәңгі сөнбейді, асылды тот баспайды. Аяулы ананың алақан жылуын сезініп, одан жүрек тазалығының өмірлік өнегесін көріп, бойларына қасиет сінірген ұрпағы әже атын өшірмейді, ізін көнертпейді, жақсылығын желге ұшырмайды.

Ұрпағы бүгін қимас әжесін сағына еске алып, рухына құран бағыштап отыр. Әженің мейірімді көздері көктен қарап тұрғандай, ұрпағы ана рухымен тілдескендей күй кешкен. Бұл ана өмірі ұрпағымен мың жылға жалғасады деген сөз.

Жаратқан жәннэттан жай нәсіп етіп, о дүниеніз жарық болсын, жан әже!



\*\*\*

Алтын күн батар сәтте қызарады,  
Кезегін сайран жаздан күз алады,  
Фәниді бахилыққа алмастырып,  
Жыл өтті ана көзден ұзағалы.

Жан ана, асыл ана, батыр ана,  
Жақсының жауһарына жақын ана,  
Әлдилеп үрпактарын тал-бесікте,  
Дамылдап жер – бесікте жатыр ана.

Бақұл бол, ақ жаулықты асыл ана,  
Перзенттік парыздың бұл басы ғана.  
Фәниде қалған үрпак-жұрнақтардың,  
Ғұмырлық сағынышы басылама.

Жұлдызы атамызбен жанғаны анық,  
Пейішке қол ұстасып барғаны анық.  
Дидарлы бейнелері қалар мәңгі,  
Үрпактың санасында таңбаланып.

*Сансызбай Бертайұлы,  
01.06.2015ж.*

# **САНСЫЗБАЙ БЕРТАЙҰЛЫ**

## **Адамзаттың нар асылы, асыл ана Құласан**

Бас редакторы  
Корректор  
Көркемдеуші

Бозымбекқызы А.  
Бейсенбекова А.Ж.  
Жылышбаева А.Т.

Басуға 20.04. 2015 ж. қол қойылды. Пішіні 60x90 1/16.  
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1025

«ИП Бейсенбекова» баспаханада басылды.  
Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 138  
8 7771413138; 87262458899

